




Галилео Галилей


Галилео Галилей



– **Галилео Галилей**^[1] ([итал.](#) *Galileo di Vincenzo Bonaiuti de' Galilei*; 15 ақпан 1564, Пиза — 8 қаңтар 1642, Арчетри, [Флоренция](#) маңы) — итальян философы, математик, физик, механик және астроном, табиғаттану ғылымдарының негізін салушы, өз заманындағы ғылымға өте қатты әсер еткен.^[2] Ол ұлы ғалым болумен бірге, музыкант, суретші, ақын, әдебиетші де болған.



– Ол Италияның [Пиза](#) қаласында 1564 жылдың он бесінші ақпанында кедейленген ақсүйек отбасында туған. 1581 жылы [Пиза университетіне](#) түсіп, медицинаны оқып үйренеді. Мұнда ол [Аристотель](#), [Евклид](#), [Архимед](#) еңбектерімен танысады. Сөйтіп, [геометрия](#) мен [механикаға](#) әуестенген Галилей медицинаны тастайды. Кейін [Флоренцияға](#) қайта оралып, төрт жыл бойы математиканы зерттейді. 1589 жылы Пизада математика кафедрасын қабылдап алып, ғылыми жұмысын онан әрі жалғастырады. Аристотельге қарсы "Қозғалыс туралы сұхбат" деген еңбек жазады.



– 1592 жылы Падуюда математика кафедрасын басқарады. Бұл кезең (1592 — 1610) Галилей шығармаларының көмеліне келген шағы болатын. Тепе-тендік принципіне негізделген машина жайлы зерттеуі, дененің еркін түсуі, дененің көлбеу жазықтықтағы қозғалысы, көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы, маятник тербелісінің изохрондығы туралы жаңалықтары осы кезеңге жатады. Галилей өзінің алғашқы телескопын (1609) құрастырады да, осы телескоптың көмегімен [Шолпан](#) планетасының фазасын, [Күндегі](#) дақты, [Юпитердің](#) төрт серігін, [Сатурнның](#) сақинасын ашты.



Галилей телескопы



– Дін басылары Н.Коперник іліміне тыйым салған соң (1616), Галилей ұзақ уақыт үй тұтқынында ұсталды. 1630 жылы "Әлемнің екі негізгі жүйесі туралы сұхбат" деген еңбегін Римге алып келді. Мұнда Коперник пен Евклидтің дүние жүйелері қаралған еді.



1637 жылы Галилей екі көзінен айырылады. Галилей XVII ғасырдағы механика, оптика және астрономия ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Ол ашқан жаңалықтар дүниенің гелиоцентрлік жүйесі туралы ілімнің жеңіп шығуына ықпал етті. Статика тарихы [Архимедтен](#) басталса, динамика тарихы Галилейден басталады. Ол ұлы ғалым болумен бірге, музыкант, суретші, ақын, әдебиетші де болған.



– Галилей ашқан жаңалықтар дүниенің гелиоцентрлік жүйесі туралы ілімнің жеңіп шығуына ықпал етті. Галилей 1642 жылдың сегізінші қаңтарында Флоренция маңындағы [Арчетри](#) қаласында дүниеге салды.